

"Қазақстан Республикасының 1994 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджеті туралы" Қазақстан Республикасы Заңын күшіне енгізу жөнінде

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаулысы 1994 жылғы 14 шілде N 138-ХІІІ

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының 1994 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджеті туралы" Қазақстан Республикасының Заңы Z941000_ жарияланған күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне:

- нарық бағасы бойынша сатылатын бензинге салық салуды енгізуге; өз балансында тұрғын үй қоры жоқ заңды тұлғалардан алынатын жергілікті салыққа; қымбат бағалы металдармен операциялар жасаудан түсетін түсімдерге қатысты бөлігі бойынша " Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеп, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қарауына енгізу;

- Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен бірлесе отырып қысқа мерзімді бағалы қағаздарды /қазыналық вексельдерді/ аукциондық негізде сатуды жүзеге асыру;

- "Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңы бұзылып қабылданған салық салу және кедендік баж бойынша жеңілдік беруге қатысты шешімдердің күшін жою туралы мәселені қарау;

- Экономиканы қайта құру қорының қаржысын бөлген кезде 1994-1995 жылдардағы жылыту маусымына әзірлікке байланысты басым бағыт ретінде халық шаруашылығының энергетикалық және мұнай-газ саласы объектілерінің шығындарын анықтау;

- жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен отынмен жабдықтайтын ұйымдардың табысы аз азаматтарға сұйық және қатты отынды жеңілдікпен беруге байланысты шығындарын өтеуді қарастыру;

- бөлінген қаржы мен субвенцияларды республика аймақтары арасында бөлу қағидаттарын екі ай мерзім ішінде айқындап, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің келісуіне енгізу;

- республикалық бюджет шығыстарының құрылымын қарап, оның құрамында жалпы республикалық мәні бар барлық шығыстарды қарастыру;

- республиканың жоғары оқу орындары бойынша қабылдау жоспарын кезең-кезеңмен /1994-1995 оқу жылдарынан бастап/ қысқарту /20 процент/ туралы мәселені қарау және оларды шарттық негізде кадрлар даярлауға көшіру;

- елшіліктер аппаратының адам санын және оларды ұстауға арналған шығыстарды

тәртіпке келтіру; /

- 1995 жылға арналған бюджеттен Қазақстан Республикасының шет елдердегі сауда өкілдіктерін ұстауға арналған шығыстарды шығарып тастау туралы мәселені қарау;

- "Қазақстан Республикасының 1994 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджеті туралы" Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын оның 1994 жылғы 9 ай ішіндегі атқарылу қорытындылары бойынша өзгерістер мен толықтыруларын ескере отырып әзірлеу және Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне табыс ету;

- халықтың табысы аз топтарын әлеуметтік қорғау мақсатында бюджеттің кіріс бөлігіндегі айқындалған резервтерді және шығыс бөлігін қайта бөлуді ескере отырып, "Қазақстан Республикасының 1995 жылға арналған мемлекеттік бюджеті туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеуге 1994 жылғы қыркүйектен бастап кірісу;

- сыртқы қарыздарды алуға арналған мемлекетаралық келісімдерге келісу мен оларды бекіту тәртібін әзірлеу және оны Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне қарауға табыс ету тапсырылсын.

3. Жоғарғы Кеңестің Бақылау Палатасына Экономиканы қайта құру қоры қаражатының, алынған және сыртқы экономикалық қызметке, шетел инвестицияларын пайдалануға бағытталған қаражаттың, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден алынатын қаражатты пайдалану тиімділігін тексеру тапсырылсын.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті "Қазақстан

Республикасының 1994 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджеті туралы" Заңды жүзеге асыру жөнінде қажетті шаралар қолдансын, сондай-ақ бұрын қабылданған шешімдерді соған сәйкестендіретін болсын.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы